


Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау



Мақсаты: Студенттерді бағалау және оның түрлері, жаңа инновациялық идеялармен, сонымен қатар жаңа формациядағы бағалау түрлері және өз жұмысының сапасы туралы қортынды жасау жолдарымен таныстыру.

Жоспар:

1. Бағалау және оның түрлері
2. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау
3. Жаңа формациядағы бағалау түрлері

Глоссарий

Суммативті бағалау - Белгілі бір мерзім ішіндегі нақты білім көрсеткішін көрсетеді (интернет көзі)

Формативті бағалау - Күнделікті тәжірибеде қолданылады. Міндетті түрде оқушымен кері байланыс орнатылу керек. (интернет көзі)


Интерпретация- қызығушылық тудыратын, яғни, ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрліне қатысты жүргізіледі.




Бағалау




Оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жобда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. Бағалау көбінесе, баға қоюдың синтездік түрі(1-5 дейінгі ранг) арқылы жүзеге асады. Мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі. Ал ЖОО бағалау рейтингтік әдіс арқылы жүргізіледі



Бағалаудың екі аспектісі



**Оқуды
бағалау
(жиынтық
бағалау)**



**Оқыту үшін
бағалау
(Форматив-
тік бағалау)**



Модуль мұғалімдерге:

- ❖ бағалаудың түрлі нысандарын түсінуге;
- ❖ бағалау түрлерінің барабар мақсаттарын анықтауға және негіздеуге;
- ❖ бағалаудың формалды және формалды емес жүйелерін анықтауға/бағалауға;
- ❖ әрбір мұғалім оқыту мен оқу сапасын жақсарту алатынын/жақсарту алмайтынын түсіндіруге көмектеседі;



“Бағалау” термині “жақын отыру” дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, бақылауы болып табылады

Бағалау қамтиды:

- ✓ **Қадағалау;**
- ✓ **Алынған мәліметтердің интерпретациясы;**
- ✓ **Бұдан арғы іс-әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау**



Оқуды бағалау

Мақсаты, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормаларымен немесе бірдей жастағы оқушылар тобының қол жеткізген деңгейімен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе әдетте балл немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке “сәйкес/сәйкес емес” деген нысанда жасалады



Оқыту үшін бағалау

ОҮБ – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар және олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі



Бояркин Олег – Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы аясында тренерлерді оқыту курсынан өткен, 3-ші деңгейлі сертификатталған тренер.





5

4

3



Критериалды бағалау – бұл үдеріске қатысушылардың барлығына , нақты белгіленген оқушылардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін білім берудің мақсаты мен мазмұнына сәйкес критерийлері бар оқушылардың жетістігін салыстыруға негізделген үдеріс.





Суммативті бағалау

Белгілі бір мерзім ішіндегі нақты білім көрсеткішін көрсетеді (қортынды тест, емтихан, сынақ, бақылау кеспелері т. б.) Бағалау әдістерін мұғалім жоспарлайды.

Формативті бағалау

Күнделікті тәжірибеде қолданылады. Міндетті түрде оқушымен кері байланыс орнатылу керек. Мұғалімге сыныптың түсіну, ілгерілеу деңгейін көрсетеді



Оқытуды жақсартудың 4 басты

Факторы

Оқушылармен кері байланысты
тиімді қамтамасыз ету

Оқушылардың өзіндік оқуға
белсенді қатысуы

Бағалау нәтижелерін ескере
отырып, оқытуды өзгерту

Оқушылардың өзін өзі бағалауы

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық**
- 2. KAZUSTAZ.KZ**
- 3. 45.minut.kz өзгеде ғаламтор
парақшаларынан**

